

Жетісу облысында ортақ су пайдалану ережелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Жетісу облыстық мәслихатының 2025 жылғы 28 мамырдағы № 28-178 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 29 мамырда № 313-19 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облыстық мәслихатының 2026 жылғы 5 ақпандағы № 34-207 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облыстық мәслихатының 05.02.2026 № 34-207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 91244 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жетісу облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жетісу облысында ортақ су пайдалану ережелері осы шешімінің қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына (келісім бойынша) жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Г. Тойлыбаева

Жетісу облыстық мәслихаты
2025 жылғы 28 мамырдағы № 28-178
шешіміне қосымша

1. Осы Жетісу облысында ортақ су пайдалану ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 38-бабының 1) тармақшасына, "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 91244 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді және Жетісу облысында ортақ су пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) су айдындары - өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа ішкі су айдындары, аумақтық сулар;

2) су пайдаланушы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

3) шағын көлемді кеме – ұзындығы жиырма метрден аспайтын, борттағы адамдардың рұқсат етілген саны он екі адамнан аспайтын кеме, балық аулау, жүктерді тасымалдау, сүйрету, пайдалы қазбаларды іздеу, барлау және өндіру, құрылыс, жол, гидротехникалық және басқа да ұқсас жұмыстарды жүргізу, лоцмандық және мұзжарғыш алып өту үшін салынған немесе жабдықталған кемелерден басқа, сондай-ақ су объектілерін ластанудан және бітелуден қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

4) шағын көлемді кемелердің тұрағына арналған база (құрылыс) - шекараларында шағын көлемді кемелер орналасатын, құрылыстары және іргелес акваториясы бар жағалау аумағы.

3. Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылыстар қолданылмай жүзеге асырылады.

4. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

5. Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуіне жол берілмейді.

6. Экологиялық, техникалық және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында ортақ су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

7. Ортақ су пайдалануға:

- 1) шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін;
- 2) ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, рекреациялық мақсаттарда, жаппай демалу, туризм және спорт мақсаттарында;
- 3) кеме қатынасы және шағын кемелерді пайдалану үшін;
- 4) мал суару үшін су объектілерін пайдалану жатады.

8. Шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін жер үсті су көздерінен су алу судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылыстар қолданылмай жүзеге асырылады.

9. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы

уәкілетті органдармен келісім бойынша Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

Су объектілеріндегі көпшілік демалатын туризм мен спортқа арналған жерлерде жазатайым оқиғалардың алдын алу және суда апатқа ұшырағандарға көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығымен бекітілген Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №87573 болып тіркелген) (бұдан әрі – Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидалары) талаптарына сай келетін құтқару бекеттері құрылады.

Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларының 2-тармағының 16) тармақшасына сәйкес, Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларының талаптарын сақтауға - су айдындарының, су объектілеріндегі жаппай демалыс, туризм және спорт орындарының иелері (жалға алушылар, өтеусіз пайдаланушылар), нұсқаушылар және (немесе) жаттықтырушылар, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ су айдындарын пайдаланатын және (немесе) оларда демалып жатқан жеке және заңды тұлғалар жауапты болып табылады.

10. Кеме қатынасы санатына жатқызылған Жетісу облысының жер үсті су объектілері, оларды осы мақсаттарға пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланудағы су жолдары болып табылады.

Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібі, кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесі және оларды пайдалану қағидалары Кодекстің 105-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

11. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда жол беріледі.

12. Облыстың, соның ішінде Жетісу облысының әкімшілік шекаралары шегінде Балқаш және Алакөл көлінің аумағында орналасқан су объектілерінде шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу және оларды пайдалану Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 354 бұйрығымен бекітілген Шағын көлемді кемелерді және олар тоқтауға арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 90598 болып тіркелген) (бұдан әрі-Шағын көлемді кемелерді пайдалану қағидалары) және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 669 бұйрығымен бекітілген Палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру

қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 125577 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Шағын көлемді кемелерді пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіппен Шағын көлемді кемелер тоқтауға арналған базалар (құрылыстар) пайдаланылады.

13. База-тұрақ шағын көлемді кемелердің қауіпсіз тұруын, шағын көлемді кемелердің, моторлардың және басқа мүліктердің сақталуын, профилактикалық, жөндеу, кеме көтеру, тиеу-түсіру және басқа жұмыстардың орындалу қауіпсіздігін; адамдарды шағын көлемді кемелерге отырғызу (түсіру) қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

14. База-тұрақта шағын көлемді кемелердің жүзуге шығуға және қайтуына, олардың жарамдылығын, жолаушылар сыйымдылығы және жүккөтергіш көтерген нормаларын сақтау бойынша, сондай-ақ кеме жүргізушілерін ауа райы туралы хабарлауға кеме жүргізушілерінде міндетті кеме және кеме жүргізушінің құжаттары болуын көздейтін режим орнатылады.

15. Су қоймасына шығуға база-тұрақ бойынша кезекші рұқсат береді.

Шағын көлемді кемеге рұқсат бере отырып, кезекші мыналарды:

1) кеме жүргізушіде кеме құжаттарының (кеме билеті) және шағын көлемді кемемені басқару құқығына куәлігінің болуын;

2) жолаушы сыйымдылығы және жүккөтергіштігі нормаларының сақталуын, шағын көлемді кемеде жүктердің дұрыс орналастырылуын;

3) шағын көлемді кемеменің жолаушы сыйымдылығы бойынша құтқару құралдарының болуын тексереді.

База-тұрақтарда навигация кезеңінде кезекші-құтқару кемесі тағайындалады. Кезекші-құтқару кемесі кезекшілік тәртібінде база-тұрақ бойынша кезекшіге бағынады.

16. Шағын көлемді кемелерді база-тұрақтан шығару мынадай жағдайларда:

1) кеме жүргізушіде шағын көлемді кемемені басқару құқығына куәлігінің, жыл сайын техникалық куәландырудан өткені туралы белгі қойылған кеме билеті болмаса (палубалы шағын көлемді кемелер үшін);

2) борт нөмірінің болмауы немесе кеме билетіндегі жазбаға сәйкес келмесе;

3) кеме жүргізушісінде кемемені жүргізу құқығына құжат болмаса;

4) кемеде, оны пайдалануға тыйым салынатын ақаулықтар болса;

5) кеме билетінде көрсетілген құтқару, өртке қарсы және су төгетін құралдары кемеде болмаса;

6) жолаушылар сыйымдылығы мен жүккөтергіш нормалары бұзылса;

7) қауіпті крен немесе дифферент тудыратын жолаушыларды (жүктерді) орналастырылса;

8) егер кеме осы жүктерді тасымалдауға жатпаса немесе олардың тасымалдануы жолаушылармен бірге жүргізілсе, кемеде қауіпті заттар болса;

9) егер су қоймасындағы болжанатын немесе нақты қолайсыз метеожағдай осы түрдегі кемеде жүзуге қауіпті болса;

10) кеме жүргізушісі мас күйінде болса жүргізілмейді.

17. Тұрғын халықтың қауіпсіздігін және шағын көлемді кемелердің өтуін қамтамасыз ету үшін келесі жұмыстар ұйымдастырылады:

1) адамдардың шомылу аймағынан тысқарыда шағын көлемді кемелердің өтуі үшін ашық түсті қалқыма белгілермен және қадалармен қоршалған, Су айдындарындағы қауіпсіздік Қағидаларының талаптарына сәйкес қауіпсіздік белгілері бар, ені кем дегенде 10 метр және ұзындығы кем дегенде 100 метр дәліз жаракталады;

2) халықтың шомылу аймағын Су айдындарындағы қауіпсіздік Қағидаларының талаптарына сәйкес қауіпсіздік белгілері бар ашық түсті қалқыма белгілермен және қадалармен қоршалады.

18. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, Жетісу облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу жүзеге асырылмайтын жерлер осы Ережелердің қосымшасына сәйкес айқындалды.

19. Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдары тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.

20. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы Жетісу облыстық мәслихатына ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

21. Жетісу облыстық мәслихатың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.

22. Жарияланған ортақ су пайдаланудың шарттары немесе оған салынатын тыйымдар шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды шектемеуі тиіс.

23. Су пайдаланушы облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарынан оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға жол берілмейтіні және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

24. Ортақ су пайдалану үшін су объектілерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

- 1) су объектілерін ұқыпты пайдалануы;
- 2) су объектілерін пайдаланудың белгіленген режимін сақтауы;
- 3) су объектілерінде мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауы;
- 4) су объектілерін және іргелес аумақтарын тиісті санитариялық нормаларға сай ұстауға, тұрмыстық, құрылыс және басқа да қалдықтармен қоқыстауға, іргелес аумақтарды ластаудың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруы тиіс.

25. Ортақ су пайдаланудың су объектілерін пайдалану кезінде:

- 1) су объектісін ластауға және қоқыстауға;
- 2) шомылуға арналған орындарда киім жууға және жануарларды шомылдыруға;
- 3) арнайы ақпараттық белгілерді өз еркімен алып тастауға, бұзуға және жоюға ;
- 4) аумақта жанар-жағар май материалдарын сақтауға;
- 5) көлікке жанар май құюды, жууды және жөндеуді жүзеге асыруға;
- 6) су объектілерінде және оларға тікелей жақын жерде кәмелетке толмаған балаларды үлкендердің қарауынсыз тастауға жол берілмейді.

Жетісу облысының су объектілерінде
жалпы су пайдалану қағидаларына
қосымша

Жетісу облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған орындар

| № р/с | Су объектісінің атауы | Ауылдық округ, ең жақын елді мекен | Мекен-жайы | Координаттар | | Координаттар арасындағы қашықтық |
|--------------------|-----------------------|------------------------------------|-------------------------|--|--|----------------------------------|
| | | | | шомылуға тыйым салынған учаскенің басталуы | шомылуға тыйым салынған учаскенің соңы | |
| Талдықорған қаласы | | | | | | |
| 1. | Балықты өзені | Талдықорған қаласы | Мерекелік саяжай қоғамы | 45.05227 78.34465 | 45.05312 78.34889 | 300 м |
| 2. | Қаратал өзені | Талдықорған қаласы | Шайқорған саяжай қоғамы | 45.04348 78.32909 | 45.04278 78.3275 | 750 м |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---------------|---------------------------------|---|---|------------------------|------------------------|-------|
| 3. | Қаратал өзені | Талдықорған қаласы | Қызыл тас саяжай қоғамы | 45.04963 78.33778 | 45.0496 78.33857 | 800 м |
| 4. | Балықты өзені | Талдықорған қаласы | 1 - ш і бөлімшесі | 45.05827 78.37135 | 45.05813 78.37104 | 125 м |
| 5. | Балықты өзені | Еркін ауылдық округі | Алматы – Өскемен тасжолы | 45.05678 78.41723 | 45.05588 78.41111 | 350 м |
| 6. | Қаратал өзені | Талдықорған қаласы | Мерекелік саяжай қоғамы | 45.04885 78.35356 | 45.05496 78.34932 | 350 м |
| 7. | Қаратал өзені | Талдықорған қаласы | Ұйтас саяжай қоғамы | 44.96394 78.41962 | 44.9643 78.41958 | 980 м |
| 8. | Балықты өзені | Талдықорған қаласы | Мерекелік саяжай қоғамы | 45.055522 78.32435 | 45.05503 78.35106 | 550 м |
| Текелі қаласы | | | | | | |
| 9. | Бурлежка №1 Алатау шағын ауданы | Текелі қаласы | Жағалау сорғы станциясы (Камарова көшесі бойында) | 44.858554 78.767503 | 44.858652 78.767329 | 28 м |
| 10. | Чажа өзені | Текелі қаласы | Чажа платинасы | 44.862135 78.805507 | 44.861946 78.805596 | 20 м |
| 11. | Бурлежка №2 Достық шағын ауданы | Текелі қаласы | Қаратал көшесінде су ағызу пункті | 44.862490 78.751225 | 44.862558 78.751142 | 7 м |
| Ақсу ауданы | | | | | | |
| 12. | Ақсу өзені | Жансүгіров ауылдық округі, Жансүгіров ауылы | Жансүгіров ауылы | 45.373256 79.535572 | 45.420676 79.552730 | 20 км |
| 13. | Су қоймасы | Жансүгіров ауылдық округі, Жансүгіров ауылы | Жансүгіров ауылы | 45.390750 79.533858 | 45.390750 79.533858 | 2 км |
| 14. | Қызылқайын тоғаны | Есеболатов ауылдық округі, Қызылқайын ауылы | Қызылқайын ауылы | 45.472579 79.575761 | 45.472579 79.575761 | 4 км |
| 15. | Көкөзек тоғаны | Жансүгіров ауылдық округі, | Көкөзек ауылы | 45.470690 79.472208 | 45.470690 79.472208 | 4 км |

| | | | | | | |
|----------------|------------------|--|--|-------------------------|-------------------------|-------|
| | | Көкөзек ауылы | | | | |
| 16. | Қызылағаш өзені | Қызылағаш ауылдық округі, Қызылағаш ауылы | Қызылағаш ауылы | 45.367452 78.731864 | 45.392249 78.745941 | 10 км |
| 17. | Алтынарық тоғаны | Жансүгіров ауылдық округі, Алтынарық ауылы | Алтынарық ауылы | 45.448311 79.386312 | 45.454834 79.385376 | 4 км |
| Алакөл ауданы | | | | | | |
| 18. | Тентек өзені | Үшарал қаласы, Қарабұлақ ауылы | Үшарал қаласы, Қарабұлақ ауылы | 46.4740582 80.901202 | 45.748268 80.870974 | 61 км |
| 19. | Шынжылы өзені | Қабанбай ауылы, Еңбекші ауылы, Жанама ауылы | Қабанбай ауылы, Еңбекші ауылы, Жанама ауылы | 45.819250 80.661075 | 46.206058 80.8881869 | 55 км |
| Ескелді ауданы | | | | | | |
| 20. | Қант зауыты көлі | Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы | Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы Маметова және Достоевский көшелерінің аралығында | 44.917178 78.500266 | 44.915687 78.495565 | 1 км |
| 21. | 3-көпір | Бақтыбай ауылдық округі | Алматы-Оске мен тасжолы 245 шақырым | 44.918977 78.249384 | 44.918843 78.249505 | 300 м |
| 22. | Қаратал өзені | Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Қаратал өзенінің бойы | Талдықорган-Текелі тасжолы 8 шақырым. | 44.927095 78.494577 | 44.926939 78.495360 | 100 м |
| 23. | Қаратал өзені | Көкжазық ауылдық округі, Көкжазық ауылы, Қаратал өзенінің бойы | Карабулак-Кокжазық тасжолы 7 шақырым. | 44.926023 78.586927 | 44.925726 78.586337 | 100 м |

Қаратал ауданы

| | | | | | | |
|-----------------|--------------------|---|--|--------------------------|--------------------------|--------|
| 24. | Қаратал өзені | Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы | Үштөбе қаласынан Жанаталап ауылына шығаберісінде | 45.220957 77.963547 | 45.22.1239 77.960823 | 300 м |
| 25. | Суғармалы арна | Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы | Үштөбе қаласынан шығаберісінде Үштөбе жазуының қасында | 45.228979 77.997363 | 45.227867 77.998226 | 500 м |
| 26. | Суғармалы арна | Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы | Төлеуқұл Батыр көшесінің бойында | 45.268224 77.979013 | 45.269443 77.969656 | 900 м |
| 27. | Суғармалы арна | Қаратал ауданы, Бастөбе ауылдық округі, Бастөбе ауылы | Бастөбе ауылынан шығаберісте | 45.264901 77.991216 | 45.265119 77.98763 | 200 м |
| 28. | Суғармалы арна | Қаратал ауданы, Бастөбе ауылдық округі, Бастөбе ауылы | Мұсабек көшесінің қасында | 45.263852 77.997528 | 45.263875 77.997262 | 100 м |
| 29. | Суғармалы арна | Қаратал ауданы, Ескелді ауылдық округі, Ескелді ауылы | Ескелді ауылынан шығаберісте | 45.193664 77.011060 | 45.195585 78.011539 | 1,1 км |
| 30. | Тентек өзені | Жолбарыс батыр ауылдық округі, Калпе ауылы | Калпе ауылынан шығаберісте | 45.100985 77.918760 | 45.088163 77.910828 | 800 м |
| Кербұлақ ауданы | | | | | | |
| 31. | Қарашоқы №1 тоғаны | Кербұлақ ауданы, Қарашоқы ауылы | Қарашоқы ауылы манында | 44.1013283 77.9257719 | 44.1002335 77.9291461 | 280 м |
| 32. | | Кербұлақ ауданы, | | | 44.0894518 | 400 м |

| | | | | | | |
|-----|---------------------|---|------------------------------------|--------------------------|---------------------------|-------|
| | Қарашоқы № 2 тоғаны | Кербұлақ ауданы | Қарашоқы ауылы маңында | 44.0917793 77.9426705 | 77.9462895 | |
| 33. | Қарашоқы № 3 тоғаны | Кербұлақ ауданы, Қарашоқы ауылы | Қарашоқы ауылы маңында | 44.0867600 77.9511496 | 44.0862210 77.9534185 | 210 м |
| 34. | Еңкөл тоғаны | Кербұлақ ауданы, Басшы ауылдық округі | Басши-Нұрым тасжолы 2 шақырым | 44.1102299 78.7383207 | 44.1088537 78.74325519 | 500 м |
| 35. | Аралтөбе тоғаны | Кербұлақ ауданы, Басши ауылдық округі | Ақтөбе ауылының маңында | 44.0517441 78.7474573 | 44.0481984 78.7506421 | 400 м |
| 36. | Сайлыкөл тоғаны | Кербұлақ ауданы, Сайлыкөл ауылы | Сайлыкөл ауылы | 44.4280719 78.2856670 | 44.4277922 78.2894734 | 300 м |
| 37. | Жаманбұлақ тоғаны | Кербұлақ ауданы, Жайнақ ауылдық округі | Сарыөзек-Көктал тасжолы 51 шақырым | 44.2625993 78.4865172 | 44.2591299 78.4890144 | 400 м |
| 38. | Шаған тоғаны | Кербұлақ ауданы, Шаған ауылы | Шаған ауылы | 44.4434545 78.5302285 | 44.5356184 78.5356184 | 410 м |
| 39. | Матай тоғаны | Кербұлақ ауданы, Шанханай ауылы | Шанханай ауылы | 44.2311683 78.2753335 | 44.2306489 78.2764657 | 100 м |
| 40. | Көксу өзені | Кербұлақ ауданы, Көксу ауылы | Көксу ауылы | 44.6740770 78.9298136 | 44.6413535 78.8903464 | 4 км |
| 41. | Көктал өзені | Кербұлақ ауданы, Көктал ауылы | Көктал ауылы | 44.5929120 78.9927550 | 44.6070685 78.9268863 | 5 км |
| 42. | Кескентерек өзені | Кербұлақ ауданы, Шұбар ауылы | Шұбар ауылы | 44.5441807 78.9856277 | 44.5483623 78.9720852 | 800 м |
| 43. | Быжы өзені | Кербұлақ ауданы, Қаспан ауылы | Қаспан ауылы | 44.4896937 78.2708817 | 44.4922658 78.2690273 | 400 м |
| 44. | Майтөбе өзені | Кербұлақ ауданы, Сарыөзек-Көктал тасжолы 15 шақырым | Сарыөзек-Көктал тасжолы 5 км | 44.3950666 78.1443136 | 44.3824327 77.1532051 | 500 м |

| Көксу ауданы | | | | | | |
|-----------------|---------------|---------------------------------------|--|--------------------------|--------------------------|--------|
| 45. | Көксу өзені | Көксу ауданы, Балпық би ауылы | Балпық би ауылы | 44.891 700 78.257375 | 44.920 421 78.210 912 | 5,5 км |
| 46. | Быжы өзені | Көксу ауданы, Айнабұлақ станциясы | Айнабұлақ станциясы | 44.613 756 77.998 233 | 44.636 515 77.999 323 | 2,8 км |
| 47. | Мұқаншы өзені | Көксу ауданы, Мұқаншы ауылы | Мұқаншы ауылы | 44.875 073 78 067 489 | 44.879 658 78.047 139 | 2 км |
| Панфилов ауданы | | | | | | |
| 48. | Өсек өзені | Панфилов ауданы, Жаркент қаласы | Сарөзек-Көктал-Қорғас тасжолы көпірден 2 шақырым солтүстікке, 3 шақырым оңтүстікке қарай | 44.173 400 79.987 603 | 44.157 740 79.977 782 | 5 км |
| 49. | Өсек өзені | Панфилов ауданы, Еңбекші ауылы | Еңбекші ауылының шығысында | 44.204 179 79.973 875 | 44.199.163 79.973.103 | 1 км |
| 50. | Өсек өзені | Панфилов ауданы, Талды ауылы | Талды ауылының батысында | 44.299 996 79.889136 | 44.282428 79.890561 | 2 км |
| 51. | Өсек өзені | Панфилов ауданы, Диханқайрат ауылы | Диханқайрат ауылының шығысында | 44.119062 79.968587 | 44.112625 79.961178 | 400 м |
| 52. | Өсек өзені | Панфилов ауданы, Шолақай ауылы | Шолақай ауылының батысында | 44.094438 79.961471 | 44.088448 79.956404 | 2 км |
| 53. | Өсек өзені | Панфилов ауданы, Жиделі ауылы | Жиделі ауылының батысында | 44.003968 79,987153 | 44.000461 79.989252 | 450 м |
| 54. | Қорғас өзені | Панфилов ауданы, Басқұншы ауылы | Басқұншы ауылының шығысында | 44.349122 80.385950 | 44.331598 80.390030 | 1 км |
| 55. | Қорғас өзені | Панфилов ауданы Қорғас ауылы | Қорғас ауылының шығысында | 44.227857 80.394545 | 44.222413 80.392123 | 1,7 км |
| 56. | Шежін өзені | Панфилов ауданы, Ават ауылы | А в а т ауылының солтүстігінде | 44.182223 80.158081 | 44.129311 80.157880 | 540 м |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|-----|-----------------|--|-----------------------------------|-------------------------|------------------------|--------|
| 57. | Шежін өзені | Панфилов ауданы, Ақкент ауылы | Ақкент ауылының шығысында | 44.182223 80.158081 | 44.129311 80.157880 | 540 м |
| 58. | Шежін өзені | Панфилов ауданы, Атамекен ауылы | Атамекен ауылының солтүстігінде | 44.222173 80.1741127 | 44.226330 80.191716 | 1,6 км |
| 59. | Тышқан өзені | Панфилов ауданы, Жаркент қаласы | Жаркент қаласы шығысында | 44.210594 80.055865 | 44.196767 80.046602 | 2 км |
| 60. | Тышқан өзені | Панфилов ауданы, Сүптай ауылы | Сүптай ауылының батысында | 44.256710 80.089713 | 44.253624 80.089774 | 1,2 км |
| 61. | Тышқан өзені | Панфилов ауданы, Жиделі ауылы | Жиделі ауылының солтүстігінде | 44.014675 79.986471 | 44.001017 79.989375 | 2 км |
| 62. | Тышқан өзені | Панфилов ауданы, Головацкий ауылы | Головацкий ауылының шығысында | 44.240673 80.026660 | 44.234529 80.025222 | 1 км |
| 63. | Тышқан өзені | Панфилов ауданы Үлкеншыған ауылы | Үлкеншыған ауылының шығысында | 44.176703 80.108845 | 44.167381 80.108457 | 1,3 км |
| 64. | Бурхан өзені | Панфилов ауданы, Жерұйық ауылы | Жерұйық ауылының батысында | 44.200413 79.988079 | 44.195331 79.986950 | 1 км |
| 65. | Бурақожыр өзені | Панфилов ауданы, Жаркент-Арасан ауылы | Жаркент-Арасан ауылының шығысында | 44.335802 79.790348 | 44.333046 79.790053 | 1 км |
| 66. | Бурақожыр өзені | Панфилов ауданы, Көктал-Арасан ауылы | Көктал-Арасан ауылының шығысында | 44.331785 79.790023 | 44.329310 79.793875 | 1 км |
| 67. | Бурақожыр өзені | Панфилов ауданы, Үлкенағаш ауылы | Үлкенағаш ауылының ішінде | 44.236141 79.842354 | 44.223849 79.836861 | 2 км |
| 68. | Бурақожыр өзені | Панфилов ауданы, Көктал ауылы | Көктал ауылының ішінде | 44.145498 79.823671 | 44.136802 79.818152 | 2 км |
| 69. | Көктерек өзені | Панфилов ауданы, Қоңыролен ауылы | Қоңыролен ауылының ішінде | 44.282833 79.303242 | 44.271634 79.304984 | 2 км |

| Сарқан ауданы | | | | | | |
|---------------|--------------|--------------------------------|--------------------|------------------------|------------------------|--------|
| 70. | Сарқан өзені | Сарқан ауданы, Сарқан қаласы | Елді мекен бойында | 45.373498 79.927861 | 45.443171 79.859432 | 8 км |
| 71. | Басқан өзені | Сарқан ауданы, Екіаша ауылы | Елді мекен бойында | 45.37279 80.15278 | 45.40383 80.11622 | 5 км |
| 72. | Басқан өзені | Сарқан ауданы, Алмалы ауылы | Елді мекен бойында | 45.46131 79.95438 | 45.43545 80.00914 | 5,6 км |
| 73. | Лепсі өзені | Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылы | Елді мекен бойында | 45.70221 80.28915 | 45.79043 80.24657 | 4 км |
| 74. | Лепсі өзені | Сарқан ауданы, Көктерек ауылы | Елді мекен бойында | 46.08137 79.58358 | 46.09773 79.45351 | 18 км |
| 75. | Лепсі өзені | Сарқан ауданы, Лепсі ауылы | Елді мекен бойында | 46.21283 78.78428 | 46.22280 78.79908 | 26 км |
| 76. | Лепсі өзені | Сарқан ауданы, М.Толбаев ауылы | Елді мекен бойында | 46.282170 78.329853 | 46.30091 78.32427 | 2,8 км |